

Сырманова Б.Н.
**Әлеуметтік жұмыстың
пәнаралық әдістерінің мәні**

Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде осы саланың зерттеушілері тарапынан жүргізілетін және оның теориялық негіздерін құрастыра отырып, қоғамның әлеуметтік шынайылығын анықтауға бағытталатын жүйелі құрылым болып табылады. Әлеуметтік жұмыс саласы әмбебап болғандықтан ол өзге де қоғамдық ғылымдардың принциптері және кешендерімен тығыз байланысты. Олардың қатарында философиялық, әлеуметтік ғылымдарының принциптерін атауға болады. Ал әлеуметтік жұмыстың тікелей принциптері қатарына гуманизм, әділеттілік, альтуризм, қоғамдық және топтық, сондай-ақ жеке қызығушылықтарды үйлестіру жатады.

Әлеуметтік жұмыс барысында қолданылатын көптеген әдістердің пәнаралық сипаты басым болып келеді. Бұл әлеуметтік жұмыстың әмбебаптығының бір белгісі болып табылады. Бұл әдіс-тәсілдер көбінесе объектіге тікелей байланысты қолданылады. Әлеуметтік қызметкер жұмыс түрін объектінің жағдайына қарай таңдап, сонымен қатар өзінің маманданған бағытына қарай таңдауы мүмкін.

Түйін сөздер: әлеуметтік психология, әлеуметтік педагогика, оптимистік гипотезалар, методологиялық қызмет, аутотренинг.

Syrmanova B.N.
**The value of interdisciplinary
methods of social work**

Researchers social work carried out in this industry, both from science and its theoretical foundations with the preparation of the calculations of aim on the social structure of a society is a system. Principles of social sphere and other social Sciences, is closely associated with complexes, because it is universal. Including philosophy, the social Sciences, we can distinguish and principles. And principles of social work directly into the ranks of humanism, justice, altruism, group and public and private interests, coordination. The interdisciplinary nature of social work used in the course of numerous work methods is a priority. This is a symptom of social work is mabatini. These methods are most often applied directly to the associated object. Select the type of object, depending on the state of social work, and specializing in the selection can be in the side.

Social work in the first place, interdisciplinary nature, and taking into account that it is a universal type of, its methodological principles of integrated clear that the principles of other sciences. The principle of universal social assistance to the client during the religious, ideological, racial, age nature eliminate discrimination in all its existence. Only one reason for the service, that must be carried out on the need of the client. The article will be of practical psychology, social work place. It is used in social work, social and educational, is the center of the main psychological methods. For example, the social perception of the social teaching methods, require the use of mechanisms of social thinking. Plays a special role in the psychology of social work and social activities. Social action related to the study of society and the human personality and.

The role of social and psychological methods in social work great, but not really. Important role in the activities of social workers requiring theoretical knowledge and specific practical skills, including the basic, social-psychological, pedagogical, organizational, legal and medico-social methods is performs. Function of psychology in social work can distinguish theoretical and methodological. The service of theoretical knowledge in psychology (social work) social work, aims, objectives, content, ways and means of forming sustainable links between both individual and collective-psychological phenomena, processes and satellite looks.

We can say that the process of formation of social work as a branch of science still in the process. The specifics of social work as a science is the relationship of knowledge and skills. Maybe because knowledge of the theoretical and practical foundations of social work in conjunction with over. This feature of social work as a branch of science and therefore can not form other.

Key words: social psychology, social Pedagogy, optimistic hypotheses, methodological service, auto-training.

Сырманова Б.Н.
**Значение междисциплинарных
методов социальной работы**

Междисциплинарный характер социальной работы, применяемые в ходе многочисленных методов является приоритетным. Этот признак социальной работы является многообразным. Эти методы чаще всего применяются в непосредственной связи с объектом.

Социальная работа в первую очередь носит междисциплинарный характер, и принимая во внимание, что это универсальный вид, его методологические принципы это принципы комплексной науки.

В социальной работе они выполняют теоретические и методологические функции. Можно сказать, что процесс становления социальной работы как отрасли науки все еще в процессе. Специфику социальной работы как науки представляет собой взаимосвязь знаний и умений.

Ключевые слова: социальная психология, социальная педагогика, оптимистические гипотезы, методологическая деятельность, аутотренинг.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ПӘНАРАЛЫҚ ӘДІСТЕРІНІҢ МӘНІ

Кіріспе

Әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде осы саланың зерттеушілері тарапынан жүргізілетін және оның теориялық негіздерін құрастыра отырып, қоғамның әлеуметтік шынайылығын анықтауға бағытталатын жүйелі құрылым болып табылады.

Әлеуметтік жұмыс саласы әмбебап болғандықтан ол өзге де қоғамдық ғылымдардың принциптері және кешендерімен тығыз байланысты. Олардың қатарында философиялық, әлеуметтік ғылымдарының принциптерін атауға болады. Ал әлеуметтік жұмыстың тікелей принциптері қатарына гуманизм, әділеттілік, альтуризм, қоғамдық және топтық, сондай-ақ жеке қызығушылықтарды үйлестіру жатады. [1]

Әлеуметтік жұмыс барысында қолданылатын көптеген әдістердің пәнаралық сипаты басым болып келеді. Бұл әлеуметтік жұмыстың әмбебаптығының бір белгісі болып табылады. Бұл әдіс-тәсілдер көбінесе объектіге тікелей байланысты қолданылады. Әлеуметтік қызметкер жұмыс түрін объектінің жағдайына қарай таңдап, сонымен қатар өзінің маманданған бағытына қарай таңдауы мүмкін.

Әлеуметтік жұмыс мамандығы өркениетті елдердің көпшілігіне танымал. Россияда ол жер реформасын жүргізу кезеңінде (1864 ж.) көрінді. Әлеуметтік қызметкердің ролін жерді иеленушілер атқарды → (соқыр, кедей, қараусыз қалған балалар, үйі жоқ кәрі жастағы адамдарға көмек көрсету арқылы).

XX ғасырда партиялық және кәсіподақтық қызметкерлер де өте көп қызмет атқарды. Осы кезеңнің басында білім жүйесіне әлеуметтік кадрларды жерге байланысты курс бойынша дайындау орын алды. Оқу жоспарларында шеберлік курстары болмағанымен, оларды дайындаудың методикалық негіздері осы мәселеге сай қалыптасты. Мектеп, жетім балалар үйі, арнайы мекемелерден тәрбиешілер мен оқытушылардың іс-әрекетінің ажырамас жағы әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. А.С. Макаренко, К.А. Сухомлинский еңбектерінде әлеуметтік қызметтің шеберліктері мәселелері қарастырылған [2].

Әлеуметтік қызметкердің негізгі элементі – әлеуметтік іс-әрекеттің өзекті кеңістіктерін анықтау. Қазіргі кезеңдегі негізгі мәселелер әлеуметтік көмекті қажет ете-

тіндерді анықтау, бұлар алкогольизм мен наркоманияның профилактикасы, семьяның беріктігін қалыптастыру, жұмыссыздықтың алдын алу, еңбек нарығының әлеуметтендірілуі. Психологиялық-педагогикалық аспект мұндай жұмыстарда олардың өз белсенділіктерін жұмылдыруға негізделеді. Әлеуметтік қызметкердің шеберлігі оның мәдени деңгейіне, жалпы және кәсіби білімінің дәрежесіне байланысты. Әлеуметтік жұмыс ғылыми білімнің бір саласы ретінде мазмұны әлеуметтік-гуманитарлық және пәнаралық өзінің мінез-құлқына қарай интегративті, қоғамдық және жаратылыстанулық ғылымдар секілді бола алады.

Әлеуметтік жұмыс, ең алдымен, пәнаралық сипатқа ие және оның қызметінің әмбебап түрі екенін ескере отырып, оның методологиялық ұстанымдарына басқа ғылымдардың интеграцияланған ұстанымдары келетіні айқын. Әмбебап ұстаным клиентке әлеуметтік көмек көрсету барысындағы діни, идеологиялық, нәсілдік, жастық сипаттағы болмысын барлық дискриминацияларды жояды. Қызмет көрсету тек бір себеп, яғни – клиенттің көмекке мұқтаж болуы бойынша жүргізілуі керек [3].

Әлеуметтік технологиялар комплексті сипатқа ие болады. Олар социологиялық, экономикалық, құқықтық, психологиялық, медициналық, педагогикалық жүйелерді де қамтиды.

Педагогикалық принциптер тұлғаның оқу-тәрбиелік процес барысында қалыптасуын бейнелейді. Педагогикалық принциптердің негіздері – идеология, гносеология, психология, әлеуметтік жұмыстың алдыңғы қатарлы тәжірибелері. Әлеуметтік жұмыста педагогиканың көптеген принциптері қолданылады. Олар бір-бірімен тығыз байланысты, соған қарамастан оларды дидактикалық және тәрбиелеу принциптері деп бөлуге болады. Әлеуметтік жұмыс адамдардың мәдениетін, әлеуметтік мінез-құлықтың дағдыларын қалыптастыратын оқу процесі ретінде де қарастырылады.

Әлеуметтік үйрену процесінде тәжірибелі әлеуметтік қызметкерлер білімді, дағдыны қалыптастырудағы жүйелілік және бір ізділік принциптерін сақтап отырады.

Дидактикалық принциптердің тәрбиелік маңызы зор. Алайда, арнайы тәрбиелік принциптерді де бөліп көрсетуге болады.

Адамдарға сенуді бақылап, тексеріп отырушысы және педагогикалық ыңғайды ұштастыру әлеуметтік жұмыстағы гуманизм принциптерінің көрінісі болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстың маңызды педагогикалық элементі – бұл адамның дүниетанымдық

көзқарастарын айқындайтын гуманистік құндылықтарды қалыптастыру. Басқа адамдармен бірлесе жұмыс істеуге, көмектесуге дайын болуға үйрету. Әлеуметтік педагогика белсенді болуға бағыт береді. Әлеуметтік жұмыстың қажетті педагогикалық элементтерінің бірі әлеуметтік іс-әрекеттер, дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру, адамның өздеріне көмек көрсете білу қабілетін қалыптастыру.

Әлеуметтік жұмыс тұлғаның өзін тәрбиелей білу қабілетін қалыптастыру арқылы әлеуметтік мінез-құлығының нәтижелі болуына, үзіліссіз білім алу жүйесіне енуіне мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жұмыстың педагогикалық мазмұнын мінез-құлықтарды жөндеу және адамдарды қайтадан тәрбиелеу арқылы да көрінеді. [4]

Адамдардың санасын қалыптастыру әдістері.

Әлеуметтік сана адамның топ құрамындағы оқу-еңбегін, қоғамдық іс-әрекетінің мотивацияларын айқындайды. Оның негізінде еңбек міндеттерінің жекелік және топтық маңыздылығын көрсету жатыр. Белсенді іс-әрекет арқылы кәсіби өсу, әлеуметтік мәртебесін көтерудің перспективасын ашып көрсету маңызды. Іс-әрекеттің мотивін қалыптастыруға еңбекке саналы қарау, инициатива және творчествоның үлгілері көмектеседі.

Әлеуметтік үйрену. Оның мәні социумдағы мәдени элементтердің тұлғалық іс-әрекетте өзектендірілуі. Әлеуметтік жұмыстың педагогикалық аспектілері әлеуметтік перспективаларды қалыптастыру әдістерін қолдануда көрінеді. Митингілерде, әңгімелесуде, деприванттар (сыртқы информацияларды алулары шектеулі, әдетте, қоғамнан шеттеп қалған адамдар) алдында жеке инструктаж жүргізгенде олар тұлғаның жаңа сапаларымен, технологиялық тәсілдерімен, еңбек өндірістік білімдерімен қарулана алады. Тұлғаның коллективке енгізу әдістері де педагогикалық сипатқа ие болады. Мұның тәрбиелік және білімдік мәні қазіргі кезеңде әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудағы демократизмнен көрінеді. Оқу-еңбектік, дене шынықтыру, көркем және де басқа да іс-әрекеттің түрінде табысқа жетуге алып келетін әдістер де құнды педагогикалық ерекшеліктерге толы. Кейде оның арнайы тәсілдері де қолданылады: еңбекті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру, жеке ерекшеліктерді есепке алу, психологиялық негізделген эффективті көмек.

Тұлғаның дамуында оның белсенділігі ерекше роль атқарады. Белсенділіктің нәтижелілігі көптеген жағдаймен анықталады. Соның бірі тұлғаның даму деңгейі мен іс-әрекетінің сипаты.

Оқу-еңбектік міндеттер, қоғамдық тапсырмалар, қарым-қатынас түрлері тұлғаның даму деңгейіне сай болуы тиіс. Егер осы аталған жағдайлар бұзылса, онда іс-әрекет тұлға үшін қол жетпес нәрсеге айналып, оның дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Тұлғаның дамуында қоршаған әлеуметтік ортаның интеллектуалдық байлығы, адамға деген жақсы қарым-қатынасы әлеуметтікке үйренудің оған жақсы әсер етуіне алып келеді.

Коллектив адамның интеллектуалдық дамуына, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Тұлғаның коллективте дамуы, онда жетекшінің (наставник) болуы арқылы өте тиімдірек болды деп айтуға болады.

Жетекші ретінде → коллективтегі, жоғары, кәсіби дайындығы, әлеуметтік тәрбиесі, мәдениеті бар адамды айтуға болады. Тұлғаның дамуы творчествоның әр түрлеріне қатысу арқылы да тиімді жүреді. Проблемалар қою арқылы оқыту, үйрену, қайтадан үйрену процесіндегі зерттеулердің квалификациясын көтеру де ойлауды дамытады.

Тұлғаның дамуына өзінің мүдделеріне қызығушылығына сәйкес оның түрлі творчестволық топтарға кіруі де көмектеседі. Экономикалық талдау бюросы, конструкторлық топтар, экологиялық комиссиялар, өзін-өзі басқару органдары – бұл да және көптеген басқа да қоғамдық-өндірістік іс-әрекеттердің түрлері тұлғаның дамуына тиімді әсерін тигізеді.

Әлеуметтік жұмыста әлеуметтік және психологиялық әдістердің рөлі үлкен, бірақ ерекше емес. Әлеуметтік қызметкерлердің қызметіндегі маңызды рөлді нақты теориялық білімдерді және тәжірибелік дағдыларды талап ететін, оның ішінде негізгісі әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, ұйымдастырушылық, құқықтық және медициналық-әлеуметтік болып табылады және тағы басқа әдістерді орындайды.

Әлеуметтік жұмыстағы психологияның теориялық және методологиялық қызметтерін бөліп көрсетуге болады. Психологияның теориялық қызметі (әлеуметтік жұмыстағы) әлеуметтік жұмыстың мақсаты, міндеттері, мазмұны, жолдары және құралдары арасында тұрақты байланыстарды қалыптастырудан және индивидуалдық, коллективтік-психологиялық құбылыстар, процестер және заңдылықтардан көрінеді.

Методологиялық қызмет → психологияның әлеуметтік-педагогикалық процестерді зерттеуде, өзгерген әлеуметтік ортада тұлғаны әлеуметтендіру әдістерін қолданудан көрінеді. Психоло-

гия сонымен бірге әлеуметтік жұмыста түсіндіру, диагностикалық, жобалау, болжау қызметтерін атқарады. Психологияның түсіндіру әдісі (әлеуметтік жұмыстығы) оның көмегімен тұлғаның әлеуметтену процесінің ішкі мәнін, мазмұнын анықтап, осының негізінде әлеуметтік жұмыстың стратегиясы мен тактикасын таңдауға мүмкіндік береді. Психологияның көмегімен әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешудің маңызды сипаттамалары ашылып, әлеуметтік көмек көрсету барысында адамдардың белсенділіктерін көтеру жолдары айқындалады.

Психологияның диагностикалық қызметі әлеуметтік жұмыста екі позиция бойынша → тұлғаның, оның әлеуметтік саланың диагностикасы түрінде көрінеді. Әлеуметтік жұмыстағы психологияны жобалау процедурасы әлеуметтік-психологиялық ситуацияларды бейнелеу тәсілдерін және осымен байланысты әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың түрлері, әдістері, мазмұны сияқты мәселелерді анықтауды қамтиды. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді жобалаудың психологиялық тәсілдерінің маңыздылығы психологияның әлеуметтік жұмыста қолданылатын басқа пәндермен (педагогика, социология, медицина, құқық) де байланысты болады.

Психологияның болжау қызметі → тұлға үшін перспективасы бар білімді анықтаудан және осыған сүйене отырып тұлғаны әлеуметтік дамудың, адамдардың әлеуметтік өзіне көмектесе білу деңгейін көтерудің міндеттерін анықтаудан көрінеді.

Әлеуметтік жұмыс әлеуметтік ақтауды тиімді ететін психологиялық жұмыстың прогнозикалық (болжау) қызметінің жүйелі түрде жүргізілуінен ұтып отырады.

Әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың басты мақсаты – тұлғаны әлеуметтендіру болып табылады. Әлеуметтенудің психологиялық компоненттері → этнопсихологиялық, социопсихологиялық, топтық және жекелік сипаттамалардан тұрады.

Әлеуметтенудің психологиялық моделінің органикалық бөлігі тұлғаның әлеуметтік сезімдерін, көңіл-күйін, бағыттарын қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтену процесі тұлғаның жоғары өзіндік белсенділігін талап етеді. Оның негізінде, тұлғаның барлық жақтарына әсерін тигізетін өзін-өзі реттеу қабілеттері қалыптасады. Яғни тұлғаның мотивтер, қызығушылығы, мүддесі т.б. жақтарына.

Әлеуметтік жұмыстың тиімділігі бірқатар факторлармен – экономикалық, материалдық не-

гіздерін басқару, педагогикалық, психологиялық факторлармен байланысты.

Психологиялық құралдар адамдардың әлеуметтік жұмыс жүйесіне деген сенімдерін қалыптастырады. Психологиялық талдау (өзіндік әрекеттерге талдау жүргізу арқылы) әлеуметтенудің негізгі құралы ретінде тұлғалық сапалардың негізгі рөліне назар аударады. Әлеуметтік қатынастар да психологиялық компоненттерден (мүдделер, қажеттілік, сезім, бағдарлар, идеал т.б.) тұрады. Олардың да атқаратын ролі ерекше деп айтуға болады.

Әлеуметтік іс-әрекет құрылымында психологиялық сипатты элементтер – мотивация, психологиялық талдау, басқару кездеседі.

Әлеуметтік жұмыстың психологиялық қамтамасыз етілуі өзіне мотивацияларды дамытуды органикалық түрде қамтиды. Мұндағы психологиялық ыңғай (подход) прагматикалық, утилитарлық, альтруистік мотивтерді жұмылдыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге субъектілер мен объектілерді, әлеуметтік жұмыстың процесстері мен нәтижелеріне психологиялық талдау да маңызды.

Психологиялық методика әлеуметтік жұмыстың мотивациясының сапасын бағалауға, ал психологиялық талдау – адамдардың (оқу, еңбек, көркем, спорттық, қоғамдық т.б.) іс-әрекеттердің барлық түрлерінің тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін стимулдарды қолдануды негіздеуге көмектеседі. Әлеуметтік жұмыстың психологиялық қамтамасыз етілуі оны басқарумен тікелей байланысты.

Әлеуметтік басқарудың психологияландырылуы социумның тәрбиелік және дамыту әсерлерінің тиімділігін көтереді.

Әлеуметтік іс-әрекеттің мақсаты күрделі сипатқа ие болады, ал олардың негізгі өзегі әлеуметтік қорғау процесіндегі тұлғаның өзіндік іс-әрекеттері үшін жақсы психологиялық жағдайларды жасаумен байланысты. Мысалы, әлеуметтік қызметкер жұмыссыздың білімдік, кәсіби дайындық, мәдени деңгейіне диагноз жасай отырып, оның қайтадан оқу процесі арқылы жаңа мамандықты меңгеріп еңбекке қатыса алатындығын сендіреді.

Әлеуметтік іс-әрекет мазмұны бірқатар психологиялық аспектілерді – әлеуметтік қажеттіліктерді, мүдделерді, мотивтерді, араласа білу тәсілдерін, адам мен топтарды қабылдауды, адамдардың өмір сүруінің жақсы жағдайларын қалыптастыруды қамтиды.

Әлеуметтік жұмыстың құралдары да өзіне бірқатар психологиялық элементтерді: ин-

формация беру, инструкциялармен таныстыру, рекомендация, сендіру, талдаудың әркілі түрлері.

Әлеуметтік жұмыстың психологиялық негізі тұлға теориясын құрайды. Әлеуметтік жұмыс тұлғаны типтестірумен байланыстыра отырып, осыған сәйкес стратегиялар мен тактикаларды айқындайды. Практикада теория акцентуация сипатындағы негізгі орынға ие болады.

Мысалы, мінез-құлықтың жағымды және жағымсыз жақтары анықталып, жанжалдық ситуациялар айқындалып, осыған сәйкес психотехникалық жаттығулар, педагогикалық нұсқаулар беріледі.

Әлеуметтік жұмыста топтардың психологиялық теориясы негізгі орынға ие болады. Топтардың құрылымы айқындалады: лидерлік, жауапкершілік, перспектива, өзіндік іс-әрекеттер, әлеуметтік тәжірибе. Әлеуметтік жұмыстағы психологиялық білім жүйесінің қажетті элементі → психологиялық қатынас (араласу) теориясы.

Әлеуметтік үйрену тұлғаны қарым-қатынас жасай білу дағдыларымен қаруландырады. Әлеуметтік жұмыстың міндеттерін шешуде әлеуметтік даулар теориясы (жеке-тұлғалық, жекелік-топтық және топаралық) ерекше роль атқарады.

Жекешелендіру және жіктеудің психологиялық теориялары да қолданылады. Жекешелендіру ыңғайы (подход) әрбір іс-әрекетке өте қажет нәрсе. Мұнда психологиялық феномендер: темперамент, мінез-құлық, ойлау, сөйлеу тағы басқа қолданады. Әлеуметтік жұмыстың дифференциясы стратификациялық-психологиялық белгілерге негізделіп, балалар мен ересектер, жастар мен қарттар, денсаулығы мықты адамдар мен аурулар, ой еңбегі мен дене еңбегімен айналысушылар, мәдениетті, біліммен мәдениеті аз, жоғары маманданған, тәжірибелі және тәжірибесіз т.б. айырмашылықтарды есепке алады. Әлеуметтік жұмыстағы психологиялық білімнің негізгі компоненті талантты адамдар психологиясы. Әлеуметтік жұмыс адамның қабілеттері, мінез-құлықтарының ерекшеліктерін есепке алуы қажет.

Әлеуметтік жұмыстағы психологиялық білім жүйесі бейімделмеген және қоғамнан шеттеп қалған адамдардың теориясы мен практикасын да қамтиды.

Мұндай топтар контингенті өте көп. Олардың өз іштерінде де психологиялық белгілері бойынша стратификация орындалады. Сонымен бірге мүгедектер психологиясы, зейнеткер адамдардың мүмкіншіліктерін дұрыс қолдана алмауға байланысты мәселелер орын алып отыр.

Олардың әлеуметтік-психологиялық рольдерін анықтау әлеуметтік жұмыс үшін маңызды.

Бұл психологиялық әдістер социумды жетілдіруге, әлеуметтендіру міндеттерін шешуге бағытталады. Психологиялық әдістер → жеке және топтық болып бөлінеді.

Психодиагностикалық әдістер → бұлар тұлғаның, коллективтің, әлеуметтік-психологиялық сапаларын зерттеумен тәрбиелеу, экономикалық қатынастарды зерттеу міндеттерімен байланысты.

Психологиялық консультация → оның негізінде индивидтің және топтың іс-әрекеттерінің қалыптастырылуы жүзеге асырылады.

Психологиялық іріктеу, таңдау (отбор) → кадрларды қайтадан оқыту сферасын таңдау, топтарды құру т.б. қолданады.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг және ауто тренинг → кеңінен қолданылатын әдіс. Бұл әдістер тұлғаның сапаларын, қарым-қатынастарды және іс-әрекеттің тәсілдерін, әдістерін оперативті түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мінез-құлықтарды, мотивация, қарым-қатынас, өз-өзін бағалауға түзету жасау (коррекция) әдістері. Клиент өзінің тұлғалық құрылымындағы жеткіліксіз жерлерді, кемшіліктерді біліп, мінез-құлықтың жаңа моделдерін басшылыққа алып, оны қолдану үшін жаттығуды жүзеге асыра бастайды.

Психотерапия әдісі → бұл әдіс тұлға үшін ең маңызды рольге ие болды.

Олар тұтас құрылымдық жағынан психологиялық өзгертулер енгізумен байланысты. Мұндай әдістерге (тренинг, ойындар, погружение) жатқызуға болады. Бұлар жүйкелік, қатты әсер ету сипатына ие болады.

Әлеуметтік қызметкерлер – лидер, әлеуметтік психолог ролдерінде өзін көрсете білуі қажет.

Әлеуметтік қызметкерлер практикалық психолог ретінде өзін көрсете білуі қажет. Оның іс-әрекеті клиенттің практикалық мәселелерін шешумен байланысты.

Әлеуметтік қызметкерлер өзінің кәсіби ерекшеліктері жағынан – әрі педагог және психолог. Психологиялық құралдар арқылы ол социономикалық ситуацияға диагноз жасап, оның қатысушыларын айқындап, әлеуметтік технологияда қолдану қажеттігін негіздейді.

Педагогикалық әдістер арқылы ол ақпараттар беріп отырады, жұмыс топтарын құрып, коллективтік жұмысты ұйымдастыруды сендіреді, социум мен тұлғаны өзгертуге

бағытталған мәселелерді шешуге қажетті білімнің өзектілігін көтеріп, қажетті дағдылармен қаруландырады.

Әлеуметтік жұмыста практикалық психология негізгі орынға ие болады. Ол әлеуметтік жұмыста қолданылатын әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық тәсілдердің негізгі ортасы болып табылады. Мысалы, әлеуметтік үйрету әдістері әлеуметтік қабылдау, әлеуметтік ойлау механизмдерін қолдануды талап етеді. Әлеуметтік жұмыста әлеуметтік іс-әрекеттердің психологиясы ерекше роль атқарады. Әлеуметтік әрекет социум мен адам тұлғасын зерттеу мен өзгертумен байланысты.

Мамандар персоналды тәрбиелеуде жағымды, оптимистік гипотезаларға сүйенуді дұрыс деп есептейді. Қандай қиын жағдай болмасын әлеуметтенудің міндеттерін шешуге көмектесетін факторлар, адамдар, адамдық сапалар табылады. Ірі әлеуметтік міндеттер коллективтік іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады.

Қорытынды

Әлеуметтік жұмыс түсінігі қоғамдық өмірдің құбылысы ретінде күрделі құрылым болып табылады. Жалпы соңғы уақыттарда әлеуметтік жұмыс түсінігі мен қызметін айқындауда оның ғылыми, оқу үдерісі және арнайы тәжірибелік қызмет түрін бөліп қарастыруда. Әрине әлеуметтік жұмыстың бұл үш түрі де өзара тығыз байланысты. Дегенмен әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Әрине әлеуметтік ғылым ретінде жекелей дамып қана қоймайды. Әлеуметтік жұмыс саласы техникалық және жаратылыстану ғылымдарымен де тығыз байланысты. Сондықтан осы саланың жұмысында пәнаралық байланысты ерекше байқауға болады. Өйткені әлеуметтік жұмыс саласы медицинамен қатар, философия, әлеуметтану, психология, педагогика, құқықтану және өзге де арнайы қоғамдық пәндермен тығыз байланысты. Ғылым ретінде әлеуметтік жұмыс саласы әлі де болса қалыптасу үдерісі барысында деп айтуға болады. Білім мен біліктің ұштасуы әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі ерекшелігін білдіреді. Өйткені әлеуметтік жұмыс өн бойында білімнің теориялық және тәжірибелік негіздерін ұштастыра алады. Сол себепті де бұл ерекшелік әлеуметтік жұмыс саласын өзге ғылымдардан өзгеше етіп қалыптастыра алады. Сөзсіз кез келген ғылымның өзіне тән заңдылық, әдіс-тәсілдер мен әдіснамалық негіздері болатыны белгілі.

Әдебиеттер

- 1 Қылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М. Әлеуметтік жұмыстағы басқару, ұйымдастыру және әкімшілік: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 63 б.
- 2 Технологии социальной работы в различных сферах жизнедеятельности: учебное пособие. – М., 2008. – 51 с.
- 3 Сарсенова Ж.Н. Әлеуметтік жұмыс: оқу құралы. – Алматы, 2004. – 42 б.
- 4 Социальная работа / под ред. И.А. Зимней. – 73 с.

References

- 1 Kylyshbaeva B.N., Dujsenova S.M. Aleumettik zhumystagy baskaru, ujymdastyru zhane akimshilik: oku kuraly. – Almaty: Kazak universiteti, 2012. – 63 p.
- 2 Tehnologii social'noj raboty v razlichnyh sferah zhiznedejatel'nosti: uchebnoe posobie. – M., 2008. – 51 s.
- 3 Sarsenova Zh.N. Aleumettik zhumys: oku kuraly. – Almaty, 2004. – 42 b.
- 4 Social'naja rabota / pod red. I.A. Zimnej. – 73 s.